



**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

***ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН – ҰЛЫ ЖЕҢІС
(1941-1945)***

Библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе - 2025



(1941-1945)

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

Зерттеушілерді қолдау офисі

***ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН – ҰЛЫ ЖЕҢІС
(1941-1945)***

Библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2025

ӘОЖ 323/324(574)
КБЖ 66.3(5Қаз)
Ұ 70

***Ұлы жеңістің 80 жылдығына арналған библиографиялық көрсеткіш /
бас. жауапты Жумабаев К.С., құраст.: Шадманова Г.Қ. - Қ.Жұбанов
атындағы Ақтөбе өңірлік университеті кітапханасы. 2025. - 48 бет.***

АЛҒЫ СӨЗ

«Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды...»

Ұлы Отан соғысы – адамзат тарихындағы ең ірі әрі қасіретті кезеңдердің бірі болды. 1941 жылғы 22 маусымда фашистік Германияның Кеңес Одағына басып кіруімен басталған бұл соғыс миллиондаған адамның өмірін жалмап, мыңдаған қалалар мен ауылдарды қиратты. Соғыс әр отбасының тағдырына әсер етіп, тұтас ұрпақтың өмірін өзгертті.

Ұлы Отан соғысы – тек майдан даласындағы ерлік қана емес, сондай-ақ тылдағы ерлік, партизандардың жұмысы, әйелдер мен балалардың жеңіс жолындағы еңбегі. Оның сызаты миллиондаған адамның жүрегінде сақталып, әдебиет, өнер мен мәдениетте көрініс табуда.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы – бүкіл адамзат тарихындағы ең ауыр соғыста жеңіске жеткен халықтардың ортақ ерлігінің айқын көрінісі. Бұл күн – батырлық пен қайсарлықтың, ынтымақ пен бірліктің символы.

Қазақстандық жауынгерлер майдан даласында жанқиярлықпен шайқасып, тыл еңбеккерлері жеңісті жақындату үшін аянбай тер төкті.

Нацизмді жеңуде қазақстандықтардың қосқан үлесі – өшпес ерлік пен даңқты тарихтың ажырамас бөлігі. Біз ұлы бабаларымыздың ерлігін құрметтей отырып, келер ұрпаққа бейбіт өмірдің, ел бірлігі мен тәуелсіздіктің қаншалықты қымбат екенін жеткізуге тиіспіз.



ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Екінші әлемдік соғыс – ХХ ғасырдың аса маңызды оқиғасы. Ғылымда оның тарихын, әсіресе, жалпы проблемаларын зерттеп баяндауда, сол “ қауырт соғыс ” заманының саяси – идеологиялық конъюктурасы терең із қалдырған. Алайда дүниені дүр сілкіндірген бұл тарихи оқиғаны соңғы оң бес жыл шамасында ашылған жаңа деректер мен тұжырымдар тұрғысынан бағалайтын болсақ, жоғарыда аталған идеология бойынша жасалған бірнеше түйінге назар аударамыз. Осындай теориялық түйіндердің бірқатары соғыс өртінің тұтану себебі, сипаты мен жеңімпаз мемлекеттердің жеңіске қосқан үлес салмағына байланысты өрбімек.

Ең алдымен соғыс өртінің тұтануына кінәлі тек қана Германия, Италия және Жапония мемлекеттері деп ХХ ғасырдың екінші жартысында жеңімпаз елдер тарихнамасына сәйкестеліп жасалған тұжырымның бүгінгі таңда қаншалықты дұрыс екеніне көз жеткізіп көрелік. Егер бұл орайда кәсіби тарихшы, саясаткер, дипломат зерттеушілердің аталмыш кезеңде жариялаған ой-тұжырымдарын талдайтын болсақ, ондағы ХХ ғ. 50-70 жж. қалыптасқан ғылыми түйіндерді қайтадан бағалауға тура келеді. Соғыс алдындағы жылдарда болған саяси оқиғалардың түрлі мәніне тереңірек үңілсек, тарихи ақиқатқа жетудің аса күрделі екені анық байқалады. Уақыт өткен сайын, жеңімпаз елдердің ұлттық тарихнамасы ол мемлекеттердің соғысқа саяси қысым немесе экономикалық күш арқылы тартылғаны және сол соғыстың құрбаны болғаны туралы тұжырымды баса айтады. Алайда бұл тұжырым соғысқа қатысқан шағын елдерге шындық сияқты көрінгенмен, ұлы мемлекеттер тұрғысынан біршама күдікті.

Өйткені екінші әлемдік соғыс тарихына байланысты туындайтын әралуан проблемаларды зерттеушілер де жоғарыда айтылған мәселені зерттеуде аса күрделі ахуалға тап болып отыр. Жеңімпаздар әділетті, ал жеңілгендер әділетсіз басқыншы соғыс жүргізді деген тұжырым – ХХ ғасырдағы тарих ғылымында терең орныққан түйін.



Бірақ бүгін де тарих ғылымында осы түйінді кең ауқымда, объективті тұрғыдан тұжырымдаудың өлшемдері де анықталмаған. Бірінші әлемді соғыс сипаты туралы 1920-1930 жж. болған шиеленісті тарихнама мен саяси пікірталастар сайып келгенде ұлы мемлекеттердің адамзат тарихындағы бұдан бұрынғы өзара шайқасы сияқты отарланған халықтар мен аймақтардың азаттық күресі де толық империалистік сипатта болды деген тұжырымына кең тірелген. Біздің пайымдауымызша, екінші әлемдік соғыс сипаты жөнінде де осындай компромистік негіздегі бір шешімге келсе, ол ең объективті түйін болып табылуы әбден мүмкін.

Жеңімпаз елдер тарихнамасында олардың жеңіске қосқан үлесі біршама саясаттандырылып дәл осындай дәрежеде көрсетілген. Соғысқа қатысқан әр ел (ірі, ұсақ) жауды тізе бүктіруге шешуші үлес қосқанын ерекше деп есептейді. Ал, ірі мемлекеттер өз үлесін әр уақытта ауыз толтырып айтады. Алайда бірнеше мемлекет одақтасқан (коалициялық) соғыста жеке дара қатысушы елдің нақтылы үлесі белгілі бір өлшемдік негізде әзірше анықталған жоқ. Өйткені ондай анықтамаға жетудің өлшемі (критерий) әлі күнге дейін айқындалмаған. Егер тек қана соғыс қимылдары бойынша жалпылама есеп тұрғысынан талдасақ, Германияның құрғақтағы қарулы топтарын талқандауда КСРО мен оның Шығыс Еуропадағы одақтастары негізгі ауыртпалықты көтерген. Германияның соғыс теңіз флотын ағылшын американдықтар жеңсе, ауа әскерін (люфтваффе) Қызыл Армия мен оның батыс одақтастары бірлесіп талқандады. Ал Италияның қарулы күштерін негізінен Жерорта теңізінде ағылшын-американдықтар күйреткен. Қиыр Шығыстағы майданда Жапонияның әскери-теңіз флотын ағылшын-американдықтар тізе бүктірсе, бұл аймаққа қарасты құрғақтағы ұрыстарда Жапондықтардың үштен бірін талқандауда Қытай әскері біршама рөл атқарды. Ал Маньчжуриядағы Жапон әскерлерін Қызыл Армия талқандады. Алайда нақтылы ұрыстармен қатар екінші әлемдік соғыс нәтижесінде саяси және идеологиялық қарсыластық өз әсерін тигізген. Сондықтан аталмыш проблема әлі де болса өзінің жалпы шешімін күтіп тұрған сияқты.



Екінші әлемдік соғыс тарихының жалпы теориялық проблемалары жөніндегі ғылыми пікірсайыстар әлі де жалғасуда. Жоғары оқу орындарындағы отандық тарихнамада, өкінішке орай, бұл проблема көп көрініс таппаған және оны баяндауда кеңестік ғылымда сіресіп қалған “саясаттандырылған тұжырымдар” да мызғымаған. Дегенмен біз XX ғасырдың аса маңызды тарихи оқиғасы болған бұл соғыс пен ондағы КСРО-ның үлесінің қайта қаралатындығына ешбір күмәндәнғымыз келмейді.

Екінші әлемдік соғыс тарихының маңызды теориялық проблемасы – оның кезеңдерін анықтау. Ең алдымен бұл оқиғаның бірінші кезеңін 1939-1945 жж. соғыс деп межелеген жөн сияқты. Таңғалатын жәйт, отандық тарихнамада осы оқиғаның нақтылы кезеңі көрсетілмеген. Ал кеңестік тарихнама анықтамасы бойынша әлемдік соғыс жөнінде екі ұдай пікір бар. Бірінші пікір бойынша бұл соғыс – әлемнің бір топ мемлекеттері одақтаса отырып қарудың күшімен үлкен аймақты қамтыған ұрыс, ал екінші пікір бойынша әлемдік соғыс – Германия, Италия және Жапонияның әскери іс-қимылдарына жауап ретінде оларға қарсы өз күшін бағыттаған коалициялық мемлекеттердің құрылып, тойтарыс беру арқылы әлемдік соғыс нышандарын танытқан оқиға.

Энциклопедиялық шығармаларда “әлемдік соғыс” глобалді және кең аймақтарды қамтитын халықаралық қайшылықтарды шешудің түрі деп сипатталады. Оның мазмұны әлемді саяси-құқықтық реттеу мен адамзат өркениеті дамуының жалпы бағытын құрайды деп түсіндіріледі. Соғыс, әдетте, мемлекеттердің одаққа бірлесуі арқылы жүргізіледі. Сондықтан соғысты әлемдік деп анықтау үшін оған мынадай сипаттар тән болуы тиіс: біріншіден, соғысқа бірнеше ел қатысуы; екіншіден, экономикалық және саяси мақсаттың нақтылануы; үшіншіден, соғыс қимылдарының кең көлемде бірнеше өңірде жүргізілуі; төртіншіден, соғыс қимылдарында қолданылған жаңа қарудың кең аймақтарды қамтуы.

Әлемдік соғыс нәтижесінде дүние жүзінде мемлекеттер қарым-қатынасы өзгеріп, олардың әлемнің аймақтарындағы ықпалы жаңа сипат алуына байланысты әлемдік соғыс саясаттану ғылымында



халықаралық қатынастардың өзгеру кезіндегі заңды процесс деп тұжырымдалса, бұл анықтама алғаш рет 1939-1945 жж. оқиғаларды түбегейлі зерттеу барысында қол жеткен дәйектеме ретінде өмір сүріп келеді.

Біздің пайымдауымызша екінші әлемдік соғыс екі сатыда талданғаны жөн. Біріншісі, “шектеулі” ой тұрғысынан талдасақ, бұл оқиға – сол заманғы ірі мемлекеттердің екі бірлестігі арасындағы соғыс. Уақыт қисыны бойынша бұл қарсылас бірлестіктердің қалыптасуы төмендегі ретпен өрбіді. 1939 жылдың 1 қыркүйегінде Германия Глейвиц қаласы тұсынан Польшаға шабуыл жасайды, ал осы жылдың 3 қыркүйегінде Польша одақтастары Англия мен Франция Германияға соғыс жариялайды. 1940 жылдың 10 маусымында Германияны жақтап соғысқа Италия араласады. Осы жылдың 22 маусымында Франция соғыстан шығады. 1941 жылдың 22 маусымында Германия, Италия және олардың шығыс Еуропалық одақтастары КСРО-ға шабуыл жасайды. Осы жылдың 7 желтоқсанында АҚШ пен Англияның Қиыр шығыстағы аймақтарына Жапония шабуыл жасайды. Сөйтіп, 1942 жылдың басында Германия, Италия және Жапонияға қарсы Англия, КСРО және АҚШ коалиция құруы нәтижесінде соңғылары соғыста жеңіске жетеді.

Екіншісі, кең ой тұрғысынан талдасақ, екінші әлемдік соғыс халықаралық қатынастарды Версаль-Вашингтон жүйесінен Ялта-Потсдам жүйесіне көшудің заңды оқиғасы болды. Олай болса, 1939-1945 жж. соғыстың басты міндеті: 1) ұлы мемлекеттердің өзара қатынас орнатуы және басқа елдерден жаңа рыноктарды өздеріне тартуы; 2) 1919-1922 жж. орнатылған шекараларды қайта анықтау арқылы өз саясатының үстемдігін бекіту еді. Сондықтан КСРО-ның 1939-1940 жж. Польша, Финляндия, Балтық жағалауындағы республикалар мен Румыниядағы әскери іс-қимылдары, Англия мен Францияның 1939-1940 жж. КСРО-ға шабуыл дайындауы, АҚШ-тың Англияға байланысты әрекеттері, 1940-1941 жж. американдық әскерилердің Гренландия мен Исландияға келіп орналасауы және Жапонияның 1940-1941 жж. француздық Үндіқытайдағы соғыс қимылдары Екінші әлемдік соғыстың құрамдас бөлігі екені аян.



Алайда бірлестік (коалиция) мүшелері КСРО, АҚШ және Жапония бұл соғысқа ретінше тек қана 1941 жылдың 22 маусымы мен 7 желтоқсанында тікелей қатысады.

Отандық тарихнамада КСРО-ның екінші әлемдік соғысқа тартылуы Ұлы Отан соғысы мен 1941-1945 жж. кеңестік-жапондық ұрыстарға қатысуымен бағалаудың “шектеулі” түрі үстем болып келеді. Сондықтан бұл пікір отандық Ұлы Отан соғысы жөніндегі әдебиетте басым баяндалған, ал біздің зерттеуіміздің проблемасы – әлемдік соғыс кезеңдерін бүгінгі күн биігінен анықтау, сол арқылы әлемдік соғыстың кеңес-герман соғысымен тікелей байланысты екеніне көз жеткізу. Екінші әлемдік соғыс тарихының қазіргі кезеңдеу межесі – XX ғ. 50-60 жж. К.Е. Ворошилов мақаласында келтірілген Ұлы Отан соғысы тарихы кезеңдерінің өңделген тұрпаты. “Қауырт соғыс” заманындағы идеологиялық қарсыластық жағдайында аренаға келген кеңестік тарихнама, Ұлы Отан соғысы екінші әлемдік соғысы құрамдас бөлігі болғанын және оның кезеңдері де 1941-1945 жж. ретінде қалуы керек екендігін арнайы тұжырымдады. Алайда біртұтас оқиғаны оның бір бөлігі толық сипатталуы мүмкін емес. Сондықтан қазіргі уақытта кезеңдерді қайта анықтау екінші әлемдік соғыс тарихын объективті, жан-жақты талдап зерттеу мақсатындағы игі істердің бір арналы бастауы болмақ.

Біздің ойымызша, Екінші әлемдік соғыс тарихын белгілі бір кезеңдерге төмендегідей ретпен бөлген жөн сияқты.

Германияның Польшаға шабуылымен соғыстың бірінші кезені басталып (1939ж. Қыркүйегі – 1941 ж. желтоқсаны), ол еуропалық сатыдан әлемдік сатыға ұласты. Германияның Польшаға қарсы соғысы басталуымен байланысты Франция мен Англия 3 қыркүйекте шапқыншыға соғыс жарияласа да шабуылға ұшыраған елге нақтылы қолғабыс бермеді. Соңғы екі мемлекет тарапынан Польшаға көмек болмайтынына көзі жеткен КСРО өз мүддесіне сай 17 қыркүйекте бұл ел территориясына әскер кіргізіп, Батыс Беллоруссия мен Батыс Украинаны өзіне қаратты. Осы жылдың 28 қыркүйегінде қабылданған шарт бойынша Польша КСРО мен Германия пайдасына бөлінді. 1939 ж. күзінде АҚШ Латын Америкасы мен Канада аймағындағы Англияны қысыммен ығыстырып, онда өз әскерлері мен позициясын нығайтты.



Еуропа майданындағы соғыс қимылдарының бәсеңсуі, әсіресе кеңестік-финляндиялық соғыс кезінде (1939 ж. 30 қарашасы – 1940 ж. 12 наурызы) және Англия мен Франция ара-қатынасы шиеленісіп соғыс қаупімен шектелген жағдай, бітімге келу үмітін туғызумен қатар Финляндиядағы ұрысты тоқтатын бұл елдің егемендігін сақтауға себепкер болды.

Германия 1940 жылдың 9 сәуірінде Дания мен Норвегияға басып кірді де, ал 10 мамырда Батыс майданында өз шабуылын бастады. 3 мамырда АҚШ Гренландия үкіметімен келісім арқылы осы елде әскери базаларын орналастырды. Германияның Францияны талқандауы тез арадағы жеңіске әкеледі деп есептеген Италия 10 маусымда соғысқа кірді. 15-17 маусым аралығында, Францияда соғыс оты лаулап жатқан кезде, КСРО әскері Балтық жағалауындағы елдерге енді. Осы жылдың 22 маусымында Германия мен Франция Бітімге келді, ал 28 маусымда КСРО Румыния қарамағындағы Бессарабия мен Солтүстік Буковинаны өз территориясына қосып алды. Сөйтіп Еуропадағы стратегиялық ахуалды елеулі өзгеріске ұшыратты: Францияның жеңілуі Германияны континент билеушісі етті, алайда ол Англияны соғыстан шығара алмауы Берлин билеушілерінің ұзақ соғыс болашағына көз жеткізді. Германияның Еуропадағы әскери-саяси жетістіктері 1940 ж. 27 қыркүйекте үш елдің пактіне әкеліп, Германия, Италия және Жапония одақ құрды. Осы кездегі Англияның аса күрделі жағдайы оның АҚШ-пен байланысын күшейтуге мәжбүр етті де, Құрама Штаттары ағылшындарға беретін әскери – экономикалық көмегін ұлғайту арқылы Американың Британ отарындағы базаларын жеңіл жолмен өзіне қарату мүмкіндігін туғызды. 1941 жылы 11 наурызында ленд-линз туралы заң қабылданды, оның шарттары бойынша АҚШ ешбір одаққа кірмейтін принципін (нейтралитет) сақтай отырса да, Англияға қару – жарак т.б құрал – жабдықтар берді. Сол кезде американ-ағылшын соғыс стратегиясы құрыла бастап, АҚШ әскери-теңіз қарулы күштері батыс Атлантика аймағын қарауылдауды күшейтті, ал бұл елдің құрғақтағы әскери базалары Исландияға орналастырылды.



Бұл кезендерде КСРО-ға жаңа аймақтар күшпен тартылды және Германияның жанар-жағармай негізі Рмынияға Кеңес мемлекеті тарапынан қауіптің күшеюі герман-кеңес қатынастарын шиеленістірді. 1940 ж. қарашада Берлинде өткен екі елдің кездесуінде Германия КСРО-ны Англияға қарсы топқа тартуға ұмтылды, ал Мәскеу өкілдер сол заманғы күрделі саяси проблемаларды паш етті. Яғни, Германияның Кеңес одағына Финляндияны қосып алуға, КСРО-ның Балқан аймағында, Қара Теңіз бұғаздары мен Таяу Шығыстағы билік еркіндігін кеңейтуге келісім беруін ұсынды. Кездесу нәтижесіз болып осы кезден кеңес-герман қатынастары соғысқа дайындалу сатысына ұласты. 1940 ж. аяғынан негізгі әлемдік әскери-саяси оқиғалар итальян-грек соғысы тұтанған Балқан және Жерорта теңізі аймағына ауысты. Италия әскерлері Ливияда талқандалған соң бұл соғысқа Германия кірісіп ағылшын қарулы күштерін Египетке ығыстырды. Әлем ірі мемлекеттерінің Балқан үшін қырқысы 1941 жылғы 6 сәуірде Германияның Югославия мен Грекияны басып алуымен аяқталды.

Мамырдың аяғында гитлершілердің Критті басып алуы Англияның Таяу Шығыстағ жағдайына қауіп туғызды. Алайда Германияның негізгі мақсаты КСРО-ны талқандау болды, бірақ сол кезде оның бұл мақсатты шешуге қуаты жетпеді. Кеңестік әскерлер бұл кезде тек соғысқа дайындық сатысында еді, сондықтан 1941 жылдың 22 маусымында күтпеген ахуалға ұшырап, нақтыл қорғаныс ұйымдастыра алмады. Германияда 1941 жылдың жазы мен күзіндегі жетістіктеріне қарамастан өзінің алдына қойған жоспарын орындай алмады. Осы жылдың 5 – 6 желтоқсанындағы КСРО әскерінің Мәскеу түбіндегі қарсы шабуылы Вермахт билеушілерінің “блицкриг” жоспарын жоққа шығарды. Осыдан кейін Германия екі майданда соғысуға мәжбүр болды, мұндай жағдайда жеңіске жетуі мүмкін емес еді.

Германия мен КСРО арасындағы соғыстың басталуы ағылшын-кеңестік одақтың құрылуына тікелей себепкер болып, онда ағылшын дипломатиясы өз дәстүрі бойынша өрбиді. Англия өз үлесіне болашақтағы ең ауыр соғыстарды алған континенттік одақтас тапты.



Енді ағылшын әскерлері тек қана Солтүстік Африкада бір шабуылда (1941 ж. 18 қарашасы – 1942 ж. 9 қаңтары) қайтадан Киренаиканы басып алды.

Осы жағдайда, Еуропадағы соғыс қимылдарына қатыспаған Жапония Қытай территориясындағы ұрыстарын жалғастырды. 1940 жылғы 22 қыркүйекте Францияның жеңілісінен соң Солтүстік Үндіқытайды жаулауға келісім алған Жапонияның қарулы күштері Англия отарларына жақындап жапон-американ арақайшылығын терендетті. 1941 жылдың 13 сәуірінде КСРО-Жапония арасында нейтралитетті сақтау туралы келісімге қол қойылды, ал осы жылдың 23 шілдесіндегі Жапония-Франция келісімімен Солтүстік Үндіқытайды басып алуы оны Англия мен АҚШ тарапынан экономикалық санкцияға соқтырды. Алайда Оңтүстік – Шығыс Азия аймағын және Тынық мұхит аралдарын басып алған соң, АҚШ келіссөзге барады деп болжаған Жапония соғысты жалғастыруға бекем бел байлады. 1941 жылдың 7 желтоқсанында Жапон әскерлері Перл-Харбор және Қиыр шығыстағы АҚШ пен Англияның басқа иеліктеріне соққылар жасады. 11 желтоқсанда Германия мен Италия АҚШ-қа соғыс жариялауымен соғыс әлемдік сипатқа ұласты. Сөйтіп, соғыстағы жақтас елдер (коалиция) қарулы күші, экономикалық қуаты Берлин – Рим – Токио одағынан арта түсті.

Соғыстың екінші кезеңінде (1942 ж. қаңтары – 1943 ж. маусымы) коалиция мемлекеттері соғыс қарқынын өз қолына алып оның барысына түбегейлі өзгеріс жасады.

Вермахт әскерінің Мәскеу түбіндегі күйреуі мен Қызыл Армияның 1942 жылдың қаңтар-сәуір аралығындағы сәтті шабуылдары Германияда дағдарыс туғызды, соған орай ел билеушілері қарулы күштер ұуатын сақтау мақсатында біршама шұғыл шаралар қабылдайды. Тек 1942 ж. сәуірінде кеңес-герман майданы бірқалыпқа келіп, екі жақ та шабуылды жалғастыруға деген үмітпен жазғы ұрыстарға дайындалды. Осы жағдайда Жапония Тынық мұхиттағы әскерінің шабуылын ұлғайтты.



1941 ж. желтоқсаны мен 1942 ж. маусымы аралығында Жапония Филиппин, Малайзия, Бирма, Голландиялық Үнді, Жаңа Гвинеяның солтүстік жағалауын және мұхиттағы бір топ ұсақ аралдарды басып алды.

Бірақ Жапония осындай кең аймақты жаулап алғанымен, АҚШ-қа өзінің Қиыр шығыстағы жетекшілік рөлін (гегемониясын) мойындата алмады. Тіпті 1942 жылдың 4-5 маусымында Мидуей аралы жанында жапондық флот талқандалған соң бұл өзінің стратегиялық шабуылын мүлдем тоқтатты.

1942 жылдың маусымынан кеңес-герман майданында ірі әскеи операциялар жанданды. Герман әскерінің Қырымдағы сәтті шабуылы, Қызыл Армияның Харьков және Любань түбіндегі жеңілістері нәтижесінде соғыс белсенділігі вермахт жағына ауысады. 28 маусымда Германияның Украинадағы шабуылы Сталинград және Кавказ стратегиялық бағыттарындағы соғысқа ұласып, вермахт өзі ашқан майдандарының барлығын бірқалыпты қамтуға күші жетпеді. 1942 ж. қарашасына таяп Германия КСРО-ның оңтүстігіндегі көлемді аймақтарды басып алғаны мен компания мақсатына жете алмады. Сөйтіп, Герман билеушілерінің Кеңестер мемлекетін жаулап алу жоспары күйреді.

1942 жылдың 21 қаңтар мен 7 ақпан аралығында герман-итальян әскерлері Киренаикидің жартысын қайтарды, ал 27 мамырда алғашқы кезде сәтті болған Египетке шабуылын бастады. Алайда Суэц каналына шыға алмай, 4 шілде де Эль-Аламейн жанында тұрақты орналасты. Бұл жағдайда Германияның қос майданда соғыс жүргізуге ішкі қуаты жетпеді. Атлантикадағы соғыс қимылдарында ағылшын-американ әскерлері үстемдік көрсетіп, 1943 жылдың ортасында Англия мен АҚШ ұрыс нәтижесін түбегейлі өзгертіп өз пайдасына шешеді.

1942 жылдың 23 қазанында ағылшын әскерлері Эл-Аламейн жанында бастаған шабуылында герман-итальян армиясын талқандады. Осы жылдың 8-11 қарашасында ағылшын-американ әскерлері Марокко мен Алжирге кірді, ал Германия Францияны толық жаулап алды. 1942 жылғы желтоқсанда герман-итальян әскерлері Солтүстік Африкада (Тунис) қоршауға түсіп жан қиярлық қарсы ұрыстар нәтижесінде 1943 жылдың 13 мамырында тізе бүкті.



Сталинград түбіндегі 1942 жылдың 19 қарашасында Қызыл Армияның шабуылға шығуы вермахт әскерінің Солтүстік Кавказда қоршауға түсу қаупін туғызды. Осы жағдайда герман билеушілері қарулы күші қорының тапшылығы себебінен әскерлерін толық талқандалуынан аман сақтау үшін кейін шегіндірді. 1943 ж. ақпанның ортасына дейін Қызыл Армия Сталинград түбінде қоршауға түскен герман топтарын толық талқандап шабуылды жалғастырды, елдің оңтүстігінде үлкен аймақ азат етілді. Ақпанның екінші жартысында ғана вермахт күштері Харьков түбінде қарсы шабуылға ұмтылды. Сөйтіп, 1943 ж. наурыз айы соңында кеңес – герман майданы бір қалыпқа түсті.

1942 ж. 7 наурызынан 1943 ж. 9 ақпаны аралығында Тыңық мұхитта Гуадалканал аралы үшін ұрыс жалғасты, ал әскери-теңіз күштері Кораллов теңізінде бірнеше шабуыл жүргізді. Осы оқиғалардың өзі Жапонияның бұдан былай шабуылға қуаты жетпей енді қорғанысқа көшкенін айқындады. 1943 ж. көктемінде американдықтар стратегиялық белсенділікті өз қолына алып жапон күштерін жаулап алған аймақтардан ығыстырды.

Сөйтіп, Екінші әлемдік соғыс осы күрделі оқиғалардан соң өзінің үшінші кезеңіне ұласып (1943 ж. шілдесі – 1945 ж. қыркүйегі) Италия, Германия және Жапонияның тізе бұғуімен соғыс аяқталды.

1943 ж. көктемінен бастап Германияның еуропалық одақтастары соғыстан шығу амалын іздеуін байқаған Берлин оларға бақылауды күшейтті. Ал жазға қарай герман-итальян қарулы күштері стратегиялық маңызынан айырылып тек әр аймақта дербес шабуыл операцияларын жүргізді. Кеңес-герман майданында Қызыл армия басшылығы дайындалған оңтүстік және оңтүстік-шығыс бағытындағы шабуылы, вермахттың Курск түбіндегі болашақ операциясы туралы мәлімет анықталған соң әзірше жау күшін қорғаныс ұрыста әлсіретіп оны кейін өткізуге шешім қабылдады. Герман басшылығы Курск түбіндегі шабуылында (1943 ж. 5 шілде – 23 тамызда гитлершілер талқандалады) саяси мақсатты көздеген болатын, тіпті бұл операция сәтті болғанның өзінде оны жалғастыруға қуаты жетпейтін-ді. Сондықтан, вермахт басшылығы Германия жеңілісінің уақытын ұзартуға ұмтылды.



Осы ұрыспен қатар тамыз айының басында Қызыл Армия Смоленск және Донбасс бағытында шабулын бастады. Вермахт оған тойтарыс беруге күші келмегендіктен, Кеңес әскерлері 30 қыркүйекке Днепр өзеніне шықты. 1943 ж. қазан-желтоқсан аралығында Кеңестік әскерлер Таманьды, Солтүстік Кавказды, Киев қаласы және Белоруссияның шығыс аудандарын азат етті. Қырымның солтүстігінен Днепрдің төменгі ағысына шығып, Оңтүстік Украина жеріне жетті. Вермахт күштері майдандағы стратегиялық ахуалға әсер ете алмайтын ұсақ шабуыл операцияларымен шектеліп қорғанысын жалғастырды.

10 шілде – 17 тамыз аралығында ағылшын-американ әскерлері Жерорта теңізінде Сицилия аралын басып алды. 25 шілдеде Италияда саяси төңкеріс болып Д.Муссолини тұтқындалды, жаңа үкімет 3 қыркүйекте капитуляцияға (тізе бұгу, жеңілгенін мойындау) сәтінен фашистік блоктың ыдырауы басталды. Қазан айының басында коалиция күштері Италияның оңтүстігін басып алды, ал вермахт бұл елдің солтүстігі мен орталығын отарлады. 1943 ж. екінші жартысында американ әскерлері Соломонов, Гилберт аралдарын, Жаңа Гвинеяның шығыс бөлігін басып алып, бұл жерлерде Тынық мұхиттің орталығында соғыс қимылдарын жалғастыру үшін базалар ұйымдастырды.

Соғыстың аяқталуы мүмкіндігі анықталғанда АҚШ, КСРО, Англия өз тарапынан реттеушілігін күшейтуді және соғыстан кейінгі Германия мен Еуропаның саяси-мемлекеттік құрылымы туралы мәселені ойластыруды бастады. Осы маңызды күрделі процестің бір сатысы 1943 ж. қазан айында өткен сыртқы істер министрлерінің Мәскеу конференциясы болды. Конференцияда батыс одақтастар әбден сүр болған “екінші майданды” 1944 ж. ашуға уәде берді, фашистік мемлекеттердің сөзсіз түзе бұгу принципі ұсынылды, тұңғыш рет соғыстан кейін халықаралық ұйым құру және КСРО-ның Жапонияға қарсы соғысқа қатысу мәселелері көтерілді, Орталық және Шығыс Еуропаның соғыстан кейінгі құрылымы жөніндегі проблема өткір талқыланды. Осы проблемаларды талқылау ең биік басшы буын жетекшілері қатысқан Тегеран конференциясында жалғасты.



Конференцияда қызу талқыланған маңызды мәселе одақтас әскерлерін Францияға кіргізу болып, ұзақ пікірсайыс нәтижесінде оның мерзімі 1944 ж. мамырына тағайындалды. Германия тізе бүккен соң КСРО Жапонияға қарсы соғыс ашу міндетін алды. Конференцияда соғыстан кейінгі Польша территориясы және КСРО-ға Кенигсберг қаласының берілуі туралы оған қатысушылардың пікірі анықталды.

1943 ж. желтоқсанның аяғынан 1944 ж. мамыр ортасына дейін Қызыл Армия кеңес-герман майданында шабуылын өрбітіп Днепрдің оң жағалауындағы Украина, Қырымды азат етіп, Ленинград қоршауын бұзып, жауды Балтық республикалары шекарасына дейін тықсырды. Осы жылдың жазғы-күзгі шабуылы нәтижесінде Қызыл Армия 19 қыркүйекте Финляндияны соғыстан шығарып Белоруссия, Балтық республикаларын, Батыс Украинаны, Польшаның шығыс аймақтары мен Заполярьені азат етті. Осы майданның оңтүстігінде Кеңес қарулы күштері Балқан аймағына кіріп Румынияны (12 қыркүйек), Болгарияны (28 қазан) соғыстан шығарып, Венгрияның шығыс аймағына кірді де Белград қаласын азат етуде югославтық жасақтарға көмек берді.

1944 ж. қаңтарында Италияда басталған одақтастар шабуылы өте баяу қарқынмен жүрді. Американ әскерлері 6 маусымнан бастап Францияға кіріп 1944 ж. аяғына дейін Франция, Бельгия, Орталық Италия және Нидерланды бөлігін азат етті. 16-25 желтоқсандағы Вермахттың Батыс майданды тұрақтандыру мақсатындағы Арденны түбіндегі қарсы шабуылы одақтас әскерлері үшін күтпеген жағдай болды.

1944 ж. қаңтар-мамыр аралығында американ әскерлері Маршалл аралдары мен Солтүстік Гвинеяны басып алды. Осы жылдың маусым-қыркүйек айларында Марина және Каролинг аралдары басып алынды, ал 20 қазанда Филиппиннің орта аймағында Жапондық флот қатты соққы алып мұнда әскерлер орналасты. Жапон әскерлері бұл жағдайда Қытай жеріндегі шабуылын жалғастырып құрғақ аймақта Үндіқытаймен байланыс орнатты. Бұл елдің 1944 ж. наурыз-мамыр аралығындағы Үндіні басып алу әрекетіне ағылшын әскерлері тойтарыс беріп, Жапондықтар ұмтылысы сәтсіз аяқталды.



Англия мен КСРО 1944 ж. қазанында өздерінің Балқандағы саяси-әскери қимыл аймақтарын анықтаған соң Грекияны ағылшын армиясы басып алды. АҚШ, КСРО, Англия басшылары қатысумен өткен Ялта конференциясында соғыстан кейінгі әлемдік құрылым қалпы туралы мәселені талқылау жалғасып, Құрама штаттары мен Кеңес мемлекеті еуропаны бөлуде шешуші рөлді иеленді. Осы конференцияда Қызыл Армияның Жапонияға қарсы соғыс ашу шарты және пысықталды.

1945 ж. қаңтар-наурыз аралығында Венгрияда Қызыл Армия вермахттың бірнеше қарсы шабуылдарын қайтарды. 12 қаңтарда Польша және Шығыс Пруссиядағы басталған Кеңестік шабуыл сәуір басында Қызыл Армияның Одер және Нейсе өзендеріне шығуымен аяқталып, енді Берлинді басып алуға жағдай туды. 1945 жылдың осы уақытында Қызыл Армияның Венгрияны соғыстан шығарып 20 қаңтарда уақытша бітімге қол қойылуына қарамастан Венгрия әскерлері дербес шабуылдарын жалғастырып Австрияның шығыс бөлігін басып алды. Берлин операциясы нәтижесінде (16 сәуір – 8 мамыр) кеңес әскерлері Германия орталығына шығып Берлинді тізе бүктірді. Мамыр айының басында Чехословакияны азат ету аяқталды.

Арденны жанындағы вермахт әскерінің қарсы шабуылына тойтарыс берген батыс одақтастар, ақпанда басталған Германияның батысындағы шабуылда 22 наурызда Рейнге жетіп, 25 сәуірде Қызыл Армиямен түйісті. Сәуірде Солтүстік Италия азат етіліп, ал 8 мамырда Германия жеңілгенін мойындады. Сөйтіп, Еуропадағы соғыс ақталды.

Осы соңғы операциялармен қатар американ әскерлері Тынық мұхиттағы шабуылын жалғастырды. 1945 ж. қаңтар – мамыр аралығында олар Филиппин, 19 ақпан – 16 наурызда – Иводзима, 1 сәуір – 21 маусымда – Окинава, мамыр-шілде аралығында Борнео аралдарын басып алды. Ағылшын әскерлері қаңтар – мамыр аралығында Бирманы басып алды, Жапония соғыс нәтижесінде ешқандай әсер етпеген Қытайға бірнеше шабуылдар ұйымдастырды. 6 және 9 тамызда бүкіл әлемге, әсіресе, КСРО-ға күш көрсету саясатын ұстанған АҚШ билеушілері әмірімен Жапонияға қарсы (Нагасаки, Хиросима, Киото) ядролық қару қолданылды.



КСРО әскерлері 1945 ж. 9 тамыз бен 2 қыркүйек аралығында Маньчжурияда шұғыл шебер шабуыл нәтижесінде жапон қарулы күштерінің ең ірі тобын талқандап, Қызыл Армияның қуатын әлемге паш етеді. 1945 жылдың 2 қыркүйегінде Жапонияның тізе бүгуімен екінші әлемдік соғыс аяқталды.

Екінші әлемдік соғыс тарихының соңғы баяндалуындағы өзгерістерді есепке алсақ, оның кезеңдерін төмендегі ретпен бөлген дұрыс болар еді. Бірінші кезең 1939 ж. Қыркүйегі мен 1941 ж. желтоқсаны. Оның: бірінші сатысы 1939 ж. қыркүйегі мен 1940 ж. маусымы, екінші сатысы 1940 ж. шілдесі мен 1941 ж. маусымы, үшінші сатысы 1941 ж. маусым-желтоқсаны. Екінші кезең 1942 ж. қаңтары – 1943 ж. маусымы. Оның: бірінші сатысы 1942 ж. қаңтар-мамыр аралығы, екінші сатысы 1942 ж. маусым – қарашасы, үшінші сатысы 1942 ж. қарашасы мен 1943 ж. маусымы. Үшінші кезең 1943 ж. шілдесі – 1945 ж. қыркүйегі. Оның бірінші сатысы 1943 ж. шілдесі мен 1944 ж. маусымы мен 1945 ж. мамыры, үшінші сатысы 1945 ж. мамыр-қыркүйек аралығы.



АҚТӨБЕНІҢ БАТЫРЛАРЫ



Акимов Федор Филиппович (1915 – 1965)

1915 жылы Ақтөбе қаласында дүниеге келген.

1941 жылы майданда болды. 1943 жылдың қыркүйегінде атқыштар полкіндегі станокты пулеметтер бөлімшесінің командирі, аға сержант Акимов өз сарбаздарымен ротада бірінші болып Киевтің солтүстігінен Днепр өзенін кесіп өтті. Глебовка кемежайы ауданында пулемет оғымен біздің жауынгерлердің өзен арқылы өтуін қамтамасыз етті.

Аға сержант Ф.Ф.Акимовке 1943 жылғы 17 қазанда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Алиев Александр Мамедович (1925 – 1984)

1925 жылы Сталинград облысында туған. Бала кезінде ата – анасымен бірге Ақтөбеге көшіп келді. Ұлты – лезгин.

1944 жылдың 20 маусымында қатардағы гвардияшы А.Алиев Свирь өзені үшін болған ұрыста жекпе – жек айқасқа бірінші болып шығып, жаудың бес солдатын сұлатып салды, жан аямай соғысты. Осы кезде дивизияның негізгі күші салға, балықшылар қайығына, береген отырып, өзеннен өтіп жатты.

1944 жылғы 21 шілдеде А.Алиевке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Андреев Василий Апполонович (1906 – 1973)

1906 жылы Днепропетровск облысының Соленое селосында туған.

1941 жылы қызыл әскер қатарына шақырылып, Оңтүстік, 1 – ші Прибалтика, 3-ші Беларусь майдандарында ұрыстарға қатысты. 1945 жылғы 13 сәуірде Тамань атқыштар дивизиясының 82-ші атқыштар полкі Гаутен елді мекеніне шабуыл жасады. Осы ұрыстарда станокты пулеметтің нысанашысы Андреев ерлікпен шайқасты.

Пулемет взводының командирі саптан шығып қалды да, Василий Аполонovich взводты басқаруды өз қолына алды. Біздің жауынгерлер дұшпанның 140 адамын тұтқынға алды. Сержант В.А.Андреевке 1945 жылғы 29 шілдеде Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Білтабанов Иманғали (1925 – 1945)

1925 жылы Қобда ауданының Қосөткел ауылында туған.

1943 жылы әскерге шақырылды.

1943 жылы 25 қаңтарда бір күнгі ұрыста ғанапулемет расчетінің командирі сержант Иманғали Білтабанов 120 гитлершілді сұлатып салды. Соңғы ұрыста ол беліне байланған гранаттармен дзотқа секіріп жау амбразурасын өзімен бірге жарып жіберді.

1945 жылы 10 сәуірде И.Білтабановқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Батурин Александр Герасимович (1915 – 1985)

1915 жылы Мәртөк ауданындағы Полтава селосында туған.

Ленинград үшін болған соңғы ұрыстарда Батурин жаудың үш ұшағын атып түсіріп, үш соғыс кемесін суға батырды, 40 зенитті-пулемет ұясын, үш батареясын солдаттар мен соғыс жүктері тиелген 42 автомашинасын, төрт оқ-дәрі қоймасын жарып жіберді.

Авиация полкі командирінің орынбасары аға лейтенант А.Г.Батуринге 1942 жылғы 23 қазанда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Бойченко Виктор Кузьмич

1925 жылы Ақтөбе қаласында туған.

Ефрейтор В.Бойченко 1943 жылғы 26 қыркүйектің түніне қарай барлаушылар тобы құрамында Днепропетровск ауданы маңында Днепрден өтіп, плацдармды басып алды. Ұрыс кезінде оқпен және қолма-қол айқаста өзі ондаған фашистерді жойып жіберді.

Плацдармды кеңейту үшін болған ұрыстарда жаудың тылына бірнеше рет барып, өте маңызды деректер алып қайтты.

Ефрейтор В.Бойченкоға 1943 жылғы 1 қарашада Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Бөкенбаев Малкеждар (1924 – 2002)

1924 жылы Жұрын ауданының Соцжол ауылында туған.

1942 жылдың шілдесінде қызыл әскер қатарына шақырылды.

1944 жылдың маусымында 1-ші Беларусь майданының бөлімдері Буг өзеніне жетті. 21 маусымда Бөкенбаевтың взводы осы маңдағы ұрыста жаудың 102 солдаты мен офицерін қолға түсірді. Взвод командирінің өзі 5 солдат пен 2

офицерді тұтқынға алды.

Взвод командирі лейтенант М.Бөкенбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағын берілді.



Вавилов Сергей Васильевич (1908 – 1943)

1908 жылы Самара губерниясында туған.

Фашистік Германияны соғыс басталған кезде Ақтөбе облыстық партия комитетінің нұсқаушысы С.Вавилов өз еркімен майданға аттанды. Кезекті ұрыс кезінде тірі аждаһаға ұқсаған танктер батарея орналасқан жерге келіп қалды. Сергей 50 танкіні санап шықты, әр артиллериске үш танкіден келеді. Осы ұрыста С.Вавилов ерлікпен қаза тапты.

1943 жылдың 22 ақпанында атқыштар полкінің кіші саяси жетекшісі С.Вавиловқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Величко Валерий Федорович (1925 – 1944)

1925 жылы туған.

1943 жылдың ақпанында Новоресей аудандық әскери комиссариаты қызыл әскер қатарына шақырды. 1944 жылғы 18 қыркүйек күні таң ата дұшпан көптеген танк пен жаяу әскерін топтап, майданның 91,7 биіктігі ауданындағы Лиелсвилпын (Латвия) тар учаскесінде шабуылға шықты. Осы шайқаста зеңбірек командирі аға сержант Величко қызмет ететін «Т-34» танкі экипажы жаудың төрт танкісін жойып ерлікпен қаза тапты.

1945 жылғы 24 наурызда В.Ф.Величкоға Кеңес Одағының Батыры деген атағы берілді.



Власов Николай Дмитриевич

1923 жылы Смоленск облысының, Ярцевск ауданындағы Старое село деревнясында туған.

1942 жылдың ақпан айынан бастап кеңес әскері қатарында болды. Орталық майданның 65-ші армиясы 14-ші инженерлік – саперлік бригадасының инженер сапер батальонындағы 170-ші бөлімнің сапері, қатардағы жауынгер Н.Власов Брянск облысының Сев қаласы ауданындағы ұрыс кезінде жаудың 378 миnasын ағытып, залалсыздандырды.

1943 жылғы 30 қазанда Н.Власовқа Кеңес одағының Батыры атағы берілді.





Гринько Иван Устинович

1922 жылғы қазанда Жұрын ауданындағы Кузнецовка ауылында туған.

1942 жылдың қыркүйегінде майданға аттанды.

Ұлы Отан соғысы кезінде И.Гринько жауға қарсы барлығы 129 рет ұшты. Оның дәл шабуыл жасап соққы беруі нәтижесінде дұшпанның 16 танкісі, 97 автомашинасы, 21 зенит ұясы, 19 дала зеңбірегі жойылды, жүк тиелген, адам отырған баржасы суға батырылды, 7 темір жол вагоны өртеніп, оқ-дәрі қойылған екі қоймасы қопарылды, 100-ден астам гитлершіл солдат пен офицер жойылды.

Үшқыш И.Гринькоға 1944 жылдың 26 қазанында Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Губин Константин Яковлевич (1902 – 1989)

1902 жылы Ярославль губерниясында туған.

1941 жылғы тамызда Мәртөк ауданында майданға аттанды.

1945 жылдың 14 наурызында 1-Беларусь майданының әскерлері шабуылға шықты. Лейтенант Губин басқарған батарея мина қойылған жердің арасымен жылжып отырып, жаудың 30 пулеметі мен минометінің үнін өшірді, 200-ден астам неміс офицері мен солдатын құртты.

Батарея командирі, лейтенант К.Я.Губинге 1945 жылғы 24 наурызда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Гуцало Александр Семенович (1917 – 1946)

1917 жылы Ақтөбеде туған.

1941 жылдың қарашасынан бастап майданда болды.

А.Гуцало 2-ші екпінді армия бөлімдеріне оқ-дәрі, азық-түлік жеткізіп тұру үшін жаудың тылына ұшағын 29 рет қондырды.

Соғыс кезінде жауға қарсы 494 рет ұшып шықты. Жеке өзі дұшпанның 18 ұшағын атып түсірді.

1946 жылдың 15 мамырында А.Гуцалоға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Жазықов Қожабай (1920 – 1982)

1920 жылы Байғанин ауданындағы Көктүбек ауылында туған. 1942 жылы қаңтарда Қ.Жазықов қызыл әскер қатарына шақырылды.

1943 жылғы 5 қарашаға қараған түні Жазықовтың отряды Днепропетровск облысының Тегеловка деревнясы маңында дұшпанның күші бернеше есе басым қорғаныс бөлімін жойды. Осы ұрыс болған жерде жау 300-дей солдаты мен офицерінен, оқ-дәрі тиеген екі автомашинасынан айырылды. Сол жылы 26 желтоқсанға қараған түні Жазықов басқарған отряд Дунайдан өткен кезде жаудың ротасына тұтқиылдан тап берді. Дұшпанның көптеген солдаты өлтіріліп, рота командирі және үш офицері бар 70-тен аса адам қолға түсірілді. Барлаушылар взводының командирі гвардия лейтенанты Қ.Жазықовқа Кеңес одағының Батыры атағы берілді.






Жанзақов Абдолла (1918 – 1944)

1918 жылы Қобда ауданында туған.

1943 жылғы желтоқсанда Невель қаласының түбінде болған ұрыста автоматшы Абдолла бірінші болып дұшпан траншеясына басып кірді де автоматтан дәлдеп атып үш гитлершіні жайратты.

Полоцк қаласынан батысқа баратын темір жол бойында қантөгіс ұрыста автоматшы Жанзақов кейін шегініп бара жатқан дұшпанның көп адамын жойды. Бірақ батырдың өзі кескілескен ұрыста оққа ұшты.

А.Жанзақовқа 1944 жылғы 22 шілдеде Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Кашпуров Петр Афанасьевич (1913 – 1944)

1913 жылы Челябині облысының Уфалей ауданындағы Воскресенское селосында туған.

Кейін Ақтөбе облысына көшіп келді. 1942 жылы қыркүйекте майданға кетті. Ол қызмет еткен атқыштар полкінің жауынгерлері немістерді Сталинград түбінде және Донецкінің солтүстігінде талқандап, 1943 жылғы қазанда Днепрге жетті. Запорожье қаласын шабуылмен алу кезінде полк командирінің орынбасары Капуровтың басқаруымен гвардияшылардың екі батальоны тұтқиылдан батыл шабуыл жасап, оның шет аймағына кірді. 1944 жылдың 15 ақпанында П.Кашпуров ерлікпен қаза тапты. 1944 жылғы 22 ақпанда П.А.Кашпуровқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Кожемякин Михаил Степанович (1913 – 1945)

1913 жылы Донецк облысының Веселовск ауданындағы Верхне – Солёный хуторында туған.

1935 жылы армия қатарына шақырылды. Ақ Финдерге қарсы ұрыстарға қатысты. Ұлыс Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап бомбалаушы авиация полкінің штурманы М.Кожемякин алдыңғы шепте болды.

Жеке өзі 122 рет және топпен бірге 1498 рет ұшып шығып, тапсырманы үлгілі орындағаны, ұшқыштар тобын шебер басқарғаны, ерлігі мен батырлығы үшін 1945 жылғы 27 маусымда майор М.Кожемякинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Козенков Василий Георгиевич (1923 – 1945)

1923 жылы Орынбор облысының Қуандық ауылында туған. Балалық және жастық шағы Ақтөбе қаласында өтті.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап өз еркімен Қызыл Әскер қатарына кетті. Гвардия капитаны Козенков бастаған штурмовиктер Меденау аэродромына шабуыл жасады. Бомбамен және пулемет-зеңбірек оғымен алты жерден өрт салды, жаудың 14 ұшағы өртеніп, 20-сы зақымданды. 1945 жылы 7 сәуірде ол Кенигсбергке шабуыл кезінде қаза тапты. 1945 жылғы 19 сәуірде авиаэскадрилья командирі, гвардия майоры В.Г.Козенковқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Колесников Михаил Петрович (1918 – 1945)

1918 жылы Орынбор Соль-Илецк қаласында туған. Кейін ата – анасы Ақтөбеге көшіп келді.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап майданда болды. 1944 жылғы 21 қыркүйекте ұрыста Колесниковтің танкі жаумен жалғыз соғысуға тура келді. Үш зеңбірек расчеті совет танкісінің тегеуірінде шабуылына ұшырап жермен – жексен болды. Тапсырманы орындап қайтып келе жатқан Колесниковтің танкісі күтпеген жерден минаға тап болып, жарылғанын көргендер бар. Командование ер жүрек экипажды қаза болды деп ойлады. Бірақ, Колесников тірі қалды. 1945 жылғы 10 сәуірде танктің механик – жүргізушісі, гвардия старшинасы М.Колесниковқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Королев Николай Степанович (1921 – 1943)

1921 жылы Владимир облысы, Муромск ауданының Катышева деревнясында туған. Ақтөбе облысында мұғалім болып жұмыс істеді.

1941 жылдың маусым айынан бастап Ұлы Отан соғысына қатысты. Батальонның комсоргі, гвардия старшинасы Королев 1943 жылы қазан айында Киев облысы, Чернобыль ауданының Губин селосы маңында болған ұрыста айрықша көзге түсті. Батальон жаудың 7 қарсы шабуылына тойтарыс берді.

1944 жылы 10 қаңтарда гвардия старшинасы Н.Королевке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Кутуев Рауф Ибрагимұлы (1925 – 1944)

1925 жылы Куибышев қаласында туған. 1930 жылы әке-шешесімен Ақтөбеге көшіп келді.

1944 жылғы 5 желтоқсанда кіші лейтенант Кутуевтің взводы басқа да бөлімдермен бірге түн жамылып Дунайдан өте бастады. Жағаға шығысымен-ақ Кутуевтің взводы фашистерге қарсы ұрысқа еніп кетті. Неміс окоптарына гранат лақтырып, солдаттар жаумен қолма-қол айқас бастады. Взвод дұшпанның қорғаныс бекінісін бұзып, Каземхалод деревнясына бірінші болып кірді. Ақырғы қарсы шабуыл кезінде кіші лейтенант оққа ұшты.

1945 жылғы 24 наурызда Р.И.Кутуевке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Мазков Евдоким Константинович (1922 – 1997)

1922 жылы Ақтөбе облысының Мәртөк кентінде туған.

1943 жылдың 1 сәуірінен бастап Оңтүстік – Батыс және 3-ші Украин майдандарында соғысқа қатысты. Днепрдің оң жағалауындағы плацдармды кеңейту және никопольскілік жау шоғырын жою үшін жүргізген соғыс операциялары кезінде Евдоким Мазков 85 рет жауынгерлік ұшу жасап, жаудың әскери жүк тиелген 89 автомашинасын, 7 танкісін, әуе және далалық артиллерияның 26 зеңбірегін, көптеген соғыс техникаларын, адам күштерін құртты.

1944 жылғы 1 шілдеде ұшқыш Е.К.Мазковқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





***Молдағұлова Әлия Нұрмұхамбетқызы
(1925-1944)***

1925 жылы 15 маусымда Қобда ауданындағы Бұлақ ауылында туған. 1931 жылы анасы қайтыс болғаннан кейін Әлия нағашы ағасы Әубәкір Молдағұловтың отбасында тәрбиеленеді.

Москвада Әлия 4-класс бітірді. 1938 жылы Ленинградтағы №46 балалар үйіне орналастырылды. Рыбинск аудандық әскери комиссариатының жолдамасымен 1943 жылы

шілде айында мергендер мектебін үздік бітірген Әлия Солтүстік – Батыс майданының 54-ші атқыштар дивизиясының 4-ші батальонына жіберілді. 1944 жылы 14 қаңтарда Казачиха деревниясін жаудан азат ету кезінде ерлікпен қаза тапты. 1944 жылғы 4 маусымда Ә.Молдағұловаға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Мясоедов Григорий Павлович (1901-1943)

1901 жылы Ақтөбе маңындағы ауылда туған.

1941 жылдың маусымында майданға өз еркімен аттанды. Сталинград түбіндегі ұрыстарға қатысты, Днепрге жетті. Атқыштар ротасының парторгы, аға сержант Мясоедов тобы 1943 жылдың 15 қазаны күні пулемет, автоматпен оқ жаудыра отырып, гитлершілерді үш траншеядан қуып шықты. 15 қазан күні таңсәріде фашистер тірі қалған кеңестік бес

сарбазға қарсы бүтін бір батальонды айдап салды. Көмекке біздің әскерлер келіп жеткенде, он екі батырдың ешқайсысы да тірі қалмаған еді. 1943 жылғы 30 қазанда Г.Мясоедовқа қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Озмитель Федор Федорович (1918-1944)

1918 жылы Мәртөк ауданының Линовицкое селосында туған.

Чекист Ф.Ф.Озмитель басқарған халық кегін алушы отряд Смоленск, Минск обылыстарында неміс тілін оң сегіз ай бойы күйретумен болды. Минск-Москва тас жолының көпірлері үш рет күйретілді. Жаудың жиырма шақты кәсіпорны мен қоймасы талқандалды, Витебскідегі бу турбины істен шығарылды, 27 әскери эшелон құлатылды, 2 мыңнан аса фашист солдаты мен офицері құртылды. «Грозныйдың» партизандары Майдан-Берлин байланыс желісін 15 рет кесіп тастады. Ең соңғы ұрыста Озмитель ең соңғы гранатымен өзін де, айнала қоршаған фашистерді де жойып жіберді. 1944 жылғы 5 қарашада Ф.Ф.Озмительге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Оноприенко Николай Николаевич (1911 – 1979)

1911 жылы Ойыл селосында туған.

1941 жылдың күзінде Батыс майданына қарасты 16-армияның атқыштар батальонына командир болып тағайындалды.

Гвардияшы полковник Оноприенконың әскери таланты Одерді кешіп өту кезіндегі шайқастарда, Кольбицев ауданында плайдармды қолға түсіру және осы қаланы алу кезінде айрықша көрінді.

1945 жылғы 29 маусымда атқыштар дивизиясы командирінің орынбасары гвардияшы полковник Н.Н.Оноприенкоға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Прохоров Михаил Семенович (1917-1987)

1917 жылғы 3 қарашада Қобда ауданының Ново-Алексеевка селосында туған.

Қос Қызылтушы Суворов және Кутузов орденді 152-ші гвардияшы танкіге қарсы соғысатын Раздельненск артиллерия полкінің зеңбірек командирі, гвардияшы аға сержант М.С.Прохоров Львов пен Владикавказ, Новороссийск мен Брест түбінде шайқасты. Румыния мен Венгрияны басып өтті,

Чехословакияның Братислава, Брно қалаларын азат етуге қатысты.

Аға сержант М.С.Прохоров 1945 жылғы 28 сәуірде Кеңес Одағының батыры атанды.



Пятковский Иван Максимович (1913- 1987)

1913 жылы Қобла ауданында туған.

Байланыс ротасының капитаны Пятковский Қызылтулы «69-Сев» атқыштар дивизиясының құрамында Батыс және Орталық майдандарда шайқасты. Сев қаласын азат ету кезіндегі ұрыстарда оның ротасы дивизия бөлімдері мен командование арасындағы байланысты қамтамасыз етіп, жауынгерлік қимылдардың табысты болуына баға жетпес пайдасын тигізді.

Варшава тас жолындағы Курск иініндегі, Сож және Десна өзендерінен өту кезіндегі шайқастарға қатысты.

1943 жылғы 30 қазанда И.М.Пятковскийге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Синельников Валерий Яковлевич

1924 жылғы сәуір айында Орынбор облысы Елек ауданының Елек селосында туған. 1932 жылы оның ата-анасы Ақтөбеге келді.

Он жеті жасында солдат болған ол Украина қалаларын азат ету, Днепрден, Бугтан, Днестр мен Пруттан өту жорықтарына қатысты. Сасуниха деревнясы үшін болған ұрыстардың бірінде ол 27 фашисті жайратып, бір офицерді тұтқынға алды. Синельниковтың пулемет расчеты 1943 жылғы 1 қазанда жаудың екі атыс ұясының үнін өшіріп, танкіге қарсы ататын зеңбірек расчетын және жаудың 30-ға жуық солдаты мен офицерін жойып жіберді. Пулемет расчетының командирі сержант В.Я.Синельниковке 1943 жылғы 29 қазанда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Синчук Василий Прокофьевич (1921-1944)

1921 жылы Ақтөбе облысы Херсонск селосында туған. 1942 жылы қыркүйек айында Волхов майданында соғысқа кірісті.

Кейіннен звено командирі, авиациялық атқыштар полкі командирінің көмекшісі болды. В.Синчук жүргізіп келе жатқан истребительдер тобы 1942 жылғы 25 қазанда дұшпанның үш көлік ұшағын құлатты. 1942 жылғы 10 қарашада Подберезье-Хатынь ауданында болған әуе шайқасында ержүрек ұшқыш екі ұшақты атып құлатты. 1943 жылы мамыр айында авиациялық атқыштар полкінің звено командирі болып тағайындалған ол жаңа «Ла-5» ұшағын шапшаң меігеріп, «барлаушы» ұшқыштардың басшысы болды. 1944 жылғы ақпан айында әуе шайқасында қаза тапты. 1944 жылғы 13 сәуірде С.В.Синчукке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





***Терещенко Николай Владимирович
(1924-1944)***

1924 жылы Қобда ауданының Калиновка ауылында туған. 10-сыныпта оқып жүргенде өзі сұранып майданға аттанды.

Қысқа мерзімді курсты бітірген соң кіші лейтенант атағын алып, Волга бойындағы ұрысқа қатысты. Қара теңіздегі Новороссийск, Тамань, Керчь, Алушта, Ялта, Балаклава, Севастополь қалаларын азат ету үшін шайқасқан теңіз жаяу әскері бригадасы барлаушылар взводының командирі Н.Терещенко көптеген ерліктер жасады. 1945 жылы 24 наурызда барлаушы ротасының командирі аға лейтенант Н.Терещенкоға қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Үргенішбаев Ідіріс (1912-1944)

1912 жылы Шалқар ауданындағы Талдықұм ауылында туған. 1942 жылғы қаңтар айында қызыл әскер қатарына шақырылып, қысқа мерзімдік әзірлік оқуынан кейін Орталық майданда ұрысқа қатынасты.

Фашистердің батальонға 22 рет қарсы шабуыл жасаған кезінде Үргенішбаев жаудың 90-нан астам солдаты мен офицерін жойды. Парторг бастаған кеңес сарбаздарының бір шағын тобы жаумен найзаласып, әрі мылтық дүмімен де қимыл жасап, дивизияның негізгі күштері келгенше плацдармды қолдан шығармады. 1944 жылғы 15 қаңтарда бөлімше командирі, сержант Ідіріс Үргенішбаевқа қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Шатров Федор Анисимович

1914 жылы желтоқсанда Ақтөбе облысының Ембі стансасында туған.

1941 жылдың маусым айында әскер қатарына шақырылды. Авиация полкі әуе кемесінің командирі, гвардия капитаны Шатров 1944 жылдың наурызына дейін жаудың алғы шепте шоғырланған әскерлері мен техникасын, тылындағы маңызды нысандарын бомбалауға 281 рет (оның 179-ы түнде) ұшып қайтты.

1944 жылғы 14 наурызда Ф.Шатровқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Щербанев Тимофей Карпович

1922 жылы Жұрын ауданындағы Озерный селосында туған.

1941 жылғы 16 қыркүйектен майданда болды. Қырым мен Қара теңіз жағалауындағы қалалар мен селолар үшін табан тірескен ұрыстар жүріп жатқан 1944 жылғы 11 сәуірде лейтенант Т.Щербаневтің басшылығы мен автоматшылардың десанттық ротасы дұшпанның 300 солдаты мен офицерін жойып, 200-ден

астамы тұтқынға алынды. Зуя ауданында болған ұрыста Щербаневтің жеке өзі жаудың 70-ке жуық солдаты мен офицерін жойып жіберді. Танк – десант ротасының командирі лейтант Т.К.Щербаневке 1945 жылғы 24 наурызда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





Шиловский Леонид Прокофьевич (1919 – 1943)

1919 жылы Новоресей ауданындағы Новоресей кентінде туған.

1943 жылы қыркүйектің 25-нен 26-на қараған түні, сапында Леонид Шиловский де бар 19 адамнан құрылған барлаушылар тобы Днепропетровск ауданында Днепрден алдымен өтті. Барлаушылар өздерінің басып алған плацдармын ұлғайту үшін түн бойы ұрыс жүргізді. Қолма – қол айқаста ол жаудың 11 солдатын жойып жіберді. Фашистермен көптеген шайқастарда және Днепрден өтуде батырлықпен көзге түскен ол жау оғына ұшты.

Қызыл әскері Л.П.Шиловскийге 1943 жылғы 1 қарашада Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Гришин Александр Алексеевич (1914 – 1980)

1914 жылы Рязань облысының Кузьминское селосында туған. Бала кезінде ата-анасымен Ақтөбеге қоныс аударды.

1940 жылы қызыл әскер қатарына шақырылды. Ұлы Отан соғысы басталар қарсаңда 428 – ші тау атқыштары полкінің қатардағы жауынгері Александр Гришин полк мектебін бітіріп, сержант болды.

А.А.Гришин 1944 – 1945 жылдары үшінші, екінші және 1945 жылы 29 маусымда бірінші дәрежелі «Даңқ» ордендерімен марапатталды.





Еркінов Шүкір Таңатарұлы (1924 – 1949)

1924 жылы Ойыл ауданында туған. 1942 жылы әскерге шақырылды. 43-ші жеке өзі жүретін артиллериялық танкіге қарсы истребитель дивизионының барлаушысы болды. Бұл дивизион Батыс және 1, 2, 3-ші Беларусь майдандарындағы шайқастарға қатысты.

Сержант Шүкір Еркінов 1944 жылы үшінші дәрежелі, 1945 жылы екінші дәрежелі және 1946 жылдың 15 мамырында бірінші дәрежелі «Даңқ» ордендерімен марапатталады.



Ешбаев Сәрсенғали (1924 – 1996)

1924 жылы Байғанин ауданында туған. 1942 жылы әскерге шақырылып Калинин, Ленинград және 1 – ші Беларусь майдандарында 17 – ші инженерлік – саперлік Гатчина бригадасы 81-ші жеке инженерлік – саперлік батальонының сапері ретінде соғысты. Сәрсенғали Ешбаев 1944 жылы үшінші, екінші дәрежелі және 1945 жылдың 6 сәуірінде бірінші дәрежелі «Даңқ» ордендерімен марапатталады.





Кошелев Михаил Тихонович (1923 – 1945)

1923 жылы Ақтөбе облысының Солдатск селосында туған. Солтүстік – Батыс, Батыс, Оңтүстік – Батыс, 2 – ші және 3 – ші дәрежелі Украин майдандарындағы соғысқа қатысты. Екі рет жараланып, контузия алды. 1945 жылдың қаңтарында қаза тапты.

Сержант М.Т.Кошелев 1944 жылы үшінші, екінші дәрежелі және 1945 жылы 28 сәуірде бірінші дәрежелі «Даңқ» орденімен

марапатталды.



Папилов Николай Гаврилович (1922-1998)

1922 жылы Смоленск облысы, Ярцев ауданы Ульхово аулында туған. 1943 жылдан бастап майданда штурмалық авиадивизия полкінде болды. 115 ұшу тапсырмасының ішінде 38 автомашина, 7 цистерна, 3 қойманың көзін құртты. Н.Г.Папилов 1944 – 1945 жылдары «Даңқ» орденінің үш дәрежесімен толық марапатталады.





Рафиков Шамсутдин Хасмутдинұлы
(1904 – 1972)

1904 жылы Орынбор облысының Соло-Илецк ауданындағы Григорьевка селосында туған. Отбасы кейіннен Шалқар қаласына көшіп келді.

1941 жылдың қарашасында әскер қатарына шақырылып Оңтүстік – Батыс, Сталинград, Далалық, Оңтүстік және 4-ші Украин майдандарында ұрыстарға қатысты. Үш рет жараланды. Сержант Шамсутдин Рафиков 1944 –

1945 жылдары үшінші, екінші дәрежелері және 1945 жылдың 27 маусымында бірінші дәрежелі «Даңқ» ордендерімен марапатталды.



Стариков Игнат Михайлович

1924 жылы Алматы облысы Ұйғыр ауданының Шыңжан ауылында туған.

Батыс және 1 – ші Беларусь майдандарындағы ұрысқа қатысты.

И.М.Стариков 1944 – 1945 жылдары үшінші, екінші және 1946 жылдың 15 мамырында бірінші дәрежелі «Даңқ» ордендерімен марапатталады.





Фурсов Михаил Иванович (1926 – 1973)

1926 жылы Харьков облысының Чугуев қаласында туған. 1943 жылдың ақпанында әскерге шақырылып, 98 –ші атқыштар дивизияның атқышы болып тіркелді. Балтық бағытында шайқасты.

М.И.Фурсов 1944 – 1945 жылдары майданда көрсеткен ерліктері үшін «Даңқ» орденінің үш дәрежесімен толық марапатталады.



Шахрай Василий Семенович

1923 жылы Новоресей ауданына қарасты Крейделевка селосында туған. Кейін Алға қаласында тұрды. 1943 жылдың ақпанында 63-ші атқыштар дивизиясы 26-шы артиллерия полкының байланысшысы болды. Батыс және 3-ші Беларусь майдандарында шайқасты.

В.С. Шахрай 1944 жылы үшінші, екінші дәрежелі және 1945 жылдың 19 сәуірінде бірінші дәрежелі «Даңқ» ордендерімен марапатталды.



ЕСТЕЛІК, МАҚТАНЫШ, МҰРА



Сұрапыл соғыс 1941 жылдың 22 маусымында басталып, 5 жылға, яғни 1 418 күнге созылды. Қанды қырғын бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллионға жуық адамын жалмады. Ал қазақ жерінен майданға аттанған 1 млн 200 мың жауынгердің 600 мыңы қайта оралмады. Елімізден аттанған 500-ден астам жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанды. Бұл атақты 1965 жылы генерал Сабыр Рахымов, ал 1990 жылы Бауыржан Момышұлы алды. Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский, ал Шымкентте орналасқан Чугуев әскери авиация училищесі түлегі И. Кожедуб үш мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Шығыстан шыққан қос жұлдыз пулеметші Мәншүк Мәметова мен мерген Әлия Молдағұловалар да осы жоғары атаққа лайықты деп танылды.



Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы – адамзат тарихындағы қайғылы және маңызды оқиғалардың бірі. Қазақстан үшін, бүкіл посткеңестік кеңістік сияқты, бұл соғыс оқулықтардағы параққа ғана емес, Ұлттық жадтың бір бөлігіне айналды.

Біздің ата-бабаларымыз майданда соғысып, тылда еңбек етіп, жеңіс үшін бар күшін салды. 1,2 миллионнан астам қазақстандық майданға аттанды, олардың жартысына жуығы оралмады. Олардыңвигігі, көрсеткен героігі мен жанқиярлығы нағыз патриотизмнің үлгісі болды. Қазақстан жері эвакуацияланғандарды паналап, әртүрлі ұлттардың жүздеген мың адамдарының екінші үйіне айналды. Республикада әскери зауыттар, госпитальдар орналастырылды, онда жеңіс соғылды. Бірақ соғыстың 80 жылдығы-бұл батырларды еске түсіруге ғана емес, оның сабақтарын түсінуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда әлем қайтадан жаһандық сын-қатерлерге тап болған кезде, біз бейбітшілік, бірлік және гуманизмнің қаншалықты маңызды екенін ерекше түсінеміз. Тарих көрсеткендей, өткен трагедиялар қайталанбауы керек, демек, біз сол оқиғаларды жаңа ұрпаққа есте сақтауға, тарихи шындықты нығайтуға және оны бұрмалау әрекеттеріне қарсы тұруға міндеттіміз. Бұл мерейтой бейбіт аспанның бағасы мен болашаққа деген жауапкершілігімізді еске салады. Біз қаза тапқандарды еске аламыз, жыл сайын аз қалған ардагерлерге алғыс айтамыз және халықтыңвигігі ешқашан ұмытылмас үшін жастарды еске алу эстафетасын береміз.



ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

1965

1. Өшпес даңқы ерлердің: Жеңіс жырлары / Құрастырған: Х.Ерғалиев. - Алматы: Жазушы, 1965. - 168 бет.

1967

2. Победа советской власти в средней Азии и Казахстане. - Ташкент: ФАН, 1967. - 768 с.
3. Хангельдин А. Өткен күндер: Әңгімелер мен повестер / А. Хангельдин. - Алматы: Жазушы, 1967. - 280 бет.

1974

4. Өтеғалиева Х. Әже әлдіі: Өлеңдер / Х. Өтеғалиева. - Алматы: Жазушы, 1974. - 120 бет.

1975

5. Бабаджанян А. Дороги победы / А. Бабаджанян. - М.: Молодая гвардия, 1975. - 288 с.: ил.
6. Қаһарман. Ұлы Жеңістің отыз жылдығына арналған жинақ. - [б. м.]: Жазушы, 1975. - 332 бет.

1976

7. Великая победа советского народа 1941- 1945. - [б. м.] : Наука, 1976. - 647 с.

1977

8. История казахской ССР с древнейших времен до наших дней.: В 5-и т. Т.4. Победа Великой Октябрьской социалистической революции и строительство социализма / С.Б.Баишев, С.Б.Бисембаев, Г.Ф.Дахшлейгер и др. - Алмат-Ата: Наука, 1977. - 640 с.

1978

9. Иноятов Х.Ш. Победа Советской власти в Туркестане / Х. Ш. Иноятов. - М.: Мысль, 1978. - 364 с.



1980

10. Жеңіс жұлдызы: Совет Армиясы туралы жыр-кітап. - [б. м.]: Жазушы, 1980. - 352 бет.
11. Нұрпейісов К. Қазақстан-республикам менің / К. Нұрпейісов. - [б. м.]: Мектеп, 1980. - 237 бет.
12. Тілендиев Н. Жеңіс салтанаты: Халық аспаптар оркестріне арналған шығармалардың партитуралары / Н. Тілендиев. - Алматы: Өнер, 1980. - 348 бет.: муз. пр.
13. Фадеев А.А. Жас гвардия: Роман / А. А. Фадеев. - Алматы: Жалын, 1980. - 556 бет.

1981

14. Олдридж Дж. Морской орел: Роман; Рассказы / Дж. Олдридж; Пер. с английского. - М.: Художественная литература, 1981. - 303 с.

1982

15. Чаковский А. Жеңіс: Саяси роман 1-ші және 2-ші кітап / А. Чаковский. - Алматы: Жазушы, 1982. - 664 бет.

1985

16. Зверев Б.И. Историческая победа / Б. И. Зверев. - [б. м.]: Просвещение, 1985. - 176 с.
17. Өшпес даңқ. Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңісінің қырық жылдығына арналған әңгімелер, очерктер мен естеліктер. - Алматы: Жазушы, 1985. - 360 бет.
18. Победа: Стихи военных лет 1941-1945 / Сост. С.Наровчатова, Я.Хелемский. - М.: Худож.лит., 1985. - 623 с.

1989

19. Рошин И. Твердо верю в нашу победу / И. Рошин. - М.: Политическая литература, 1989. - 208 с. : ил.

1992

20. Березняк Е.С. Операция "Голос": Рассказ разведчика / Е. С. Березняк. - [б. м.]: Республика, 1992. - 256 с. : ил.



2000

21. Қазиев Р. Майдангер ұстаздар / Р. Қазиев. - [б. м.]: NOBEL, 2000. - 100 бет.

2004

22. Василевский А.М. Дело всей жизни: Кн.2 / А.М. Василевский . - 6-е изд. - М. : Политиздат, 2004. - 290 с.: ил.
23. Сұлтан Бейбарыс: Жинақ / Құраст. Н. Мауытов. - Алматы: "Арыс" баспасы, 2004. - 280 бет.

2005

24. Елғон Е. Жеңіс жолында от кешкендер / Е. Елғон. - [б. м.]: Медиа-Альянс, 2005.
25. Естелік кітабы /Жинақталма том. Книга памяти /Сводный том: 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушыларға арналған. - Ақтөбе: А-Полиграфия , 2005. - 285 с.
26. Жеңіс! Победа!: Фотоальбом. - Алматы: Өнер, 2005. - 80 бет.
27. Жеңіске арналған 100 ән. 100 песен, посвященных победе: поэзия. - Алматы: Өнер, 2005. - 136 с.
28. Пантюшова Э.А. Мои воспоминания о Великой Отечественной войне / Э. А. Пантюшова // Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған "Қазіргі тарихи зерттеулер: Жаңа мүмкіндіктер бастауы" халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары 28-29 сәуір. - 2005. - с 369-375.
29. Тайжанов А.Т. Ұлы Отан соғысы сабақтары: ұлттық рухтың әдебиет пен мәдениеттегі көріністеріне диалектикалық пайым / А. Т. Тайжанов // Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған "Қазіргі тарихи зерттеулер: Жаңа мүмкіндіктер бастауы" халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары 28-29 сәуір. - 2005. - С. 351-355б.



30. Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған "Қазіргі тарихи зерттеулер: жаңа мүмкіндіктер бастауы" халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары: 28-29 сәуір / ред. Ғ. Ж. Нұрышев. - [б. м.]: ЦНТИ, 2005. - 484 бет.

2008

31. Аликулова Н.С. Ақтөбеде жасақталған әскери құрамалар / Н. С. Аликулова // "Отан тарихының келелі мәселелері" атты республикалық ғылыми-теориялық конфер. матер. жинағы. Атырау. - 2008. - С. 154-159.

2010

32. Абенов К. Операция "Марс". Казахи в "Долине смерти": к изучению дисциплины / К. Абенов. - Алматы: Жеті жарғы, 2010. - 440 с.
33. Жазықова М.Қ. Әке ерлігі - ұрпаққа үлгі / Кеңес Одағының Батыры Қ. Жазықовтың ерлік және еңбек жолы негізінде / М. Қ. Жазықова // "Ұлы Отан соғысы тарихы зерттеу әдіснамасы мен оқыту тәжірибесінің өзекті мәселелері" тақырыбында халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары 22-23 сәуір. - 2010. - С. 188-192б.
34. Исмаилов А. Война и победа (Из истории Казахстана в 1941-1945 годах) / А. Исмаилов. - [б. м.], 2010. - 180 бет.
35. Классное руководство и воспитание школьников №8: 65-летию Победы посвящается... Фото- и аудиоматериалы для проведения классных часов и внеклассных мероприятий. Электронное приложение к журналу / ред. Г. С. Семенов. - [б. м.]: Школа-Пресс, 2010.
36. Орамах Ж.О. Фашизмге қарсы ұжымдық қауіпсіздік және екінші майдан ашу мәселелері хақында / Ж. О. Орамах // "Ұлы Отан соғысы тарихы зерттеу әдіснамасы мен оқыту тіжірибесінің өзекті мәселелері" тақырыбында халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары 22-23 сәуір. - 2010. - С. 81-86б.
37. Сүйінбай Т. Қазақ батыры / Т. Сүйінбай // Ақиқат. - 2010. - №5-. 28-32б.



38. Сұлтан Бейбарыс: Жинақ / Құраст. Ғ.Әнес, С. Бекбосынов. - Алматы: "Арыс" баспасы, 2010. - 344 бет.
39. Тайжанов А.Т. Тұтастық пен ұлттық намыс - жеңістің кепілі / А. Т. Тайжанов // Ұлы Отан соғысы тарихы зерттеу әдіснамасы мен оқыту тәжірибесінің өзекті мәселелері тақырыбында халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары. - 2010. - 22-23 сәуір. 15-21б.
40. Төлепбергени Ж.Т. Ақтөбе облысы еңбекшілерінің Ұлы Жеңіске қосқан үлесі / Ж. Т. Төлепбергени // "Ұлы Отан соғысы тарихы зерттеу әдіснамасы мен оқыту тәжірибесінің өзекті мәселелері" тақырыбында халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары 22-23 сәуір. - 2010. - С. 200-202б.

2011

41. Победа, память, патриотизм. Правнуки победителей о войне: к изучению дисциплины / Л.С.Ахметова. На каз. и рус. языках. - Астана: ИП Волкова А.В., 2011. - 590 с.

2014

42. Қытайдың жаңа дәуір тарихы : Тарихи деректер. 2-том. III бөлім / Қытай тілінен ауд.: Д.Мәлікұлы, М.Әбілбайұлы, Ә.Қисынқанұлы. - Алматы : "Орхон" Баспа үйі, 2017. - 256 бет.

2015

43. Абырой мен парыз: Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы. Ұжымдық монография / Ред.: Б.Ғ.Аяған. Екі тілде. - Алматы: Литера-М ЖШС, 2015. - 592 бет : +16 бет жапсырма.
44. Ерліктің еңбектің, достық пен бірліктің жеңісі: баяндамаларының жинағы: Құраст. Е. Құрманбек . - Ақтөбе: Литера-А баспасы, 2015. - 225 бет.



МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз.....</i>	<i>4</i>
<i>Ұлы Отан туралы деректер.....</i>	<i>5</i>
<i>Ақтөбенің батырлары.....</i>	<i>19</i>
<i>Естелік, мақтаныш, мұра.....</i>	<i>41</i>
<i>Хронологиялық көрсеткіш.....</i>	<i>43</i>